

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА МЕМЛЕКЕТТІК ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУДЫ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТИІМДІЛІГІ

Андатпа. Президент өкілеттілігінің бірқатарын Парламент пен Үкіметке беру – Үкімет пен Парламенттің рөлін көтеру, қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне жауап беретін тиімді механизм құру болып табылады және бұл мемлекеттік деңгейде қабылдаған сәйкесті билік органдары мен құрылымдарының шешімдеріне деген сенімнің және жауапкершіліктің жоғары дәрежесі, сондай-ақ еліміздің демократияландыруының дәлелі болып табылады. Басқару процесін демократияландыру әртүрлі билік тармақтарының бір-бірімен әрекеттесуінің тиімділігін арттыруға және өзара тежемелік пен тепе-теңдік жүйесін күшейтуге негізделген. Мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару жүйесін жаңғырту мәселесін түсіну еліміздің барлық азаматтары үшін маңызды ресми құжат – Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауын жан-жақты зерттеу қажеттілігін тудырады.

Тірек сөздер: президент, мемлекеттік жергілікті басқару, жергілікті өзін-өзі басқару, децентрализация, жаңғыру, бюджет.

JEL codes:H790

МҰХТАРОВА Қ.С.

экономика ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Менеджмент және маркетинг кафедрасының меңгерушісі

ЖУМАГАЗИЕВА А.Ғ.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Менеджмент және маркетинг кафедрасының аға оқытушысы

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және институционалдық аяларын қамтитын үшінші жаңғыру кезеңінде. Әлеуметтік-экономикалық сферада жаңғыру экономиканы қайта құрылымдауға және әртараптандыруға және халықтың әлеуметтік стандарттарын көтеруге бағытталса, саяси жаңғыру Парламенттің рөлін пәрменді түрде күшейту қажеттілігінің маңыздылығынан туындайды, институционалдық сфераға өзгерістер Қазақстан Республикасының Президенті ұсынған бес институттық реформаны жүзеге асыруды, соның ішінде Үкіметке экономика саласында қосымша атқарушылық өкілеттіктер беруді көздейді. Қазақстан Республикасында мемлекеттік биліктің тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта

бөлу мәселесі еліміздің дамуының жүйелі және заңды кезеңі болып табылады.

Басқарудағы билік тармақтарының тиімді өзара әрекеттері мемлекеттік биліктің тиімділігін көтереді. Себебі саясаткер мен мемлекеттік қызметтің іс-әрекеттері органикалық түрде байланысқан. Саясаткер заңды билік өкілеттіктерін иелену арқылы ұтымды шешімдер қабылдауы, өз кезегінде мемлекеттік қызметте жоғары кәсібилік иелену арқылы қабылданған шешімдерді тиімді орындауы маңызды болып табылады.

Бүгінгі күні Республикамыздың мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру жергілікті қоғамдастықтың тыныс-тіршілігін тікелей қамтамасыз ететін бірқатар функцияларды жергілікті өзін-өзі басқаруды реттеу саласына беруді талап етеді. Алайда бұл процесс

көптеген мәселелердің шешілмегендігімен және заңнамалық реттеудің жеткіліксіздігімен тежелуде.

Осы уақытқа дейінгі жергілікті басқару мен өзін-өзі басқару органдарының жағдайын, олардың сәйкес мәселелерді шешу жағдайларын талдау келесі жағдайларды анықтауға мүмкіндік береді:

- Қазіргі уақытта елімізде «жергілікті өзін-өзі басқару» түсінігін анықтауда, оның еліміздің қоғамдық-саяси жүйесіндегі рөлі мен мәнін айқындауда біржақты көзқарас жоқ. Көптеген жағдайда жергілікті өзін-өзі басқару органдары қоғамдық құрылым болса да, оған саяси институт мәртебесі беріледі.

- Бүгінгі күнге дейін жергілікті деңгейдегі проблемаларды шешуге бағытталған тиімді аймақтық басқаруды құру жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бойынша мақсатты мемлекеттік саясаттың болмауы себебінен қиындау болды.

- Елімізде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмысын толықтай реттейтіндей заң базасы жоқ. Нәтижесінде жергілікті деңгейде құрылған ұйымдастырылмаған түрде құрылған жергілікті өзін-өзі басқару құрылымдары көбінесе жергілікті билік органдарымен заңсыз деп танылып, артынан жойылады.

- Аймақтық басқарудың тиімділігі жергілікті басқару органдарының есептілік мәселесінде заңнамалардағы белгілі бір қарама-қайшылықтардың болуы себебінен төмендейді.

- Жергілікті басқару органдарының дамуы білікті кадрлық құрамның тапшылығы салдарынан қиындайды. Тәжірибе көрсеткендей, жергілікті басқару құрылымдарындағы кейбір қызметкерлердің өздерінің орындайтын функцияларына сәйкес келмейтіндігін көрсетеді. Ал жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне келетін болсақ, еліміздегі бірде-бір жоғары оқу орны сәйкес кадрларды дайындамайды.

Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізуге ұмтылудағы негізгі кемшілік жергілікті

өзін-өзі басқарудың тұтас моделін алдын ала әзірлемей, олардың үзінді ретінде жүзеге асырылғаны болып табылады. Қазіргі уақытта мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруда жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қатысуын қамтамасыз ету қажет. Өз кезегінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен мемлекеттік билік органдары арасындағы осындай өзара қатынастар схемасы басқарудың деңгейлері арасында өкілеттіктерді қайта бөлуге әкеледі, бұл ретте біздің еліміздің біртұтас құрылымын сақтай отырып, бұл органдардың өңірлік міндеттерді шешуге бірлесе қатысуын қамтамасыз етеді. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мәнін айқындаудың маңызды көрсеткіші олардың қызметіне халықтың тікелей қатысу факторы болып табылады.

Қазақстанда жүргізілген реформалар Еуропа елдерінің, АҚШ, Жапония, Австралия, Оңтүстік Корея, Жаңа Зеландия, Канада басқа да елдердің жетекші тәжірибелерін есепке алу негізінде жүзеге асырылды. Қазақстанда үздік шетелдік тәжірибені зерттеу және енгізу жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару қызметтерін жетілдіруге жағымды жағдай қалыптастырады. Жергілікті өзін-өзі басқарудың ғаламдық тәжірибеде көптеген түрлері бар, ол муниципалдық құқықтың әлемнің әр түрлі мемлекеттерінде даму процесінің ерекшеліктерін анықтайды [1-кесте].

Жалпы, Еуропа елдерінің муниципалдық құқығының негізгі көзі болып, жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық Хартиясы саналады, ол Еуропадағы жергілікті және аймақтық билік органдарының тұрақты конференциясының ұсынылуымен Еуропа Кеңесінде қабылданып жасалынды. Бұл құжатта жергілікті өзін-өзі басқару заң аясында жұмыс істей отырып, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мемлекеттік істердің елеулі бөлігін шеше алатындығы, жергілікті жұртшылықтың мүддесін өз жауапкершіліктеріне ала алатындығы тұжырымдалған [1].

1-кесте. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің шетелдік модельдері

Жүйенің атауы	Өзін-өзі басқаруды іске асырушы органдар	Ерекшелігі
Англосаксондық үлгі (АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия)	Графтықтар Муниципалитет Тауншиптер Штаттар Парламент	➤ жергілікті өзін-өзі басқарудың территориялық негізі – графтық болып табылады; ➤ жергілікті билік органдарының қызметін құқықтық реттеуде басты рөлді жергілікті және жеке парламенттік заңдар атқарады; ➤ өкілетті орталық органдардың орнында халық сайлаған әкімшілік-территориалды бірліктерді қорғаудың жоқтығы тән.
Француздық үлгі (Франция, Италия, Бельгия, Испания, Латын Америкасы)	Қауымдастық Аймақтар Кеңесі Муниципалитет Парламент	➤ орталық биліктің жергілікті органдарының үстінен әкімшілік бақылаудың дамыған жүйесі; ➤ жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі көзі – қауымдастықтар; ➤ әр қауымдастықтың өз Кеңесі бар, оның құрамына 9-дан 49-ға дейін мүшелер кіреді; ➤ Кеңес өз құрамынан мәрді таңдайды, және де сайлаушылардың санына байланысты 2-ден 13-ке дейінгі көлемде тұрақты депутаттарды тағайындайды.
Неміс үлгісі (Германия, Дания, Норвегия)	Коммуна Қауымдастық	➤ мемлекет өз функцияларының кейбір бөлігін өзін-өзі басқару органдарының қызметіне жүктейді; ➤ қауымдастықтар мен аудандар өзін-өзі басқару институттарының қызметтерін атқарады.
Жапондық үлгі (Жапония)	Жергілікті қауымдастық	➤ жергілікті қауымдастық нормативтік актілерді қабылдайды; ➤ жергілікті бюджетті нақтылайды; ➤ жергілікті салықтарды, төлемдерді анықтайды; ➤ шаруашылық келісімдерді жүргізеді; ➤ муниципалды кәсіпорынды басқарудың принципті міндеттерін шешеді; ➤ жергілікті атқарушы органдардың қызметіне тексеру жүргізеді.

Ескерту - [2] әдебиет негізінде құрастырылған.

Ал, АҚШ-та барлық ел үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдары жұмыс істейтін әкішілік-территориялық бірліктерге бөлу қағидалары орын алмайды. Әрбір штат өзінің жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастырады.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың англосаксондық жүйесімен қатар, шет елдік мемлекеттердің бір қатарында жергілікті басқарудың француздық үлгісіне негізделген муниципалдық өзін-өзі басқару жүйесі қызмет етеді. Германиядағы жергілікті билік органдары қазіргі уақытта аудан және қауым рангтерінде аудандар мен қалаларда қалыптасты. Қазіргі заманғы германиялық доктринаға сәйкес өзін-өзі басқару - мемлекеттік амалдар арқылы қоғамдық құқығы бар заңдық тұлғалармен шешілетін болған. Басқаша айтқанда, мемлекет өз қызметінің кейбір бөлігін өзін-өзі басқару органдарының қызметіне жүктейді. Сонымен, федерация және жер, мемлекеттік басқарудың жалғыз субъектілері бола алмайды: қауымдастықтар


мен аудандар оларға артылған өзін-өзі басқару институттарының қызметтерін атқарады немесе өз қызметтерінің шегінде мемлекеттік органдардың бұйрығы бойынша мемлекет тарапынан қосымша қызметтер атқарады.

Муниципалдық ұйымдастырудың нақты бір спецификалық қасиеттері Италия, Жапония сияқты елдерде де байқалады. Жапонияда жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асырушы жергілікті қауым: нормативтік актілерді қабылдайды; жергілікті бюджетті нақтылайды; жергілікті салықтарды, төлемдерді анықтайды және өзге де функционалды міндеттерді орындайды.

Қорытындылай келгенде, жергілікті өзін-өзі басқару органдары реттелмейтін мемлекет болмайды, бірақ мемлекеттің жалпы жүйесіндегі салыстырмалы түрде үлкен тәуелсіздікке ие жергілікті саяси бірліктері болып табылады.

Қазақстан үшін унитарлы Францияның тәжірибесі тиімді болып табылады. Француз тәжірибесіне сәйкес коммуналар жедел еркіндікке ие болады және ұсақ қамқоршылықтан босатылады, мемлекет өз кезегінде жергілікті органдарға әлеуметтік-экономикалық мәселелердің маңызды бір бөлігін аудара отырып, одан да көлемді істер үшін ресурстарды босатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, шетелдік басқару тәжірибесінде Польша мемлекетінің басқару жүйесі Қазақстандық үлгіге дәлме-дәл келеді.

Бүгінгі күндегі Республикамыздағы жергілікті өзін-өзі басқару институттарын дамыту саласында орын алып отырған мәселелерді шартты түрде төмендегідей негізде (1-сурет). 3 категорияға бөлуге болады.



1-сурет. ҚР Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі негізгі мәселелер

а) құқықтық сипаттағы мәселелер – «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» жеке заңнамалық актінің жоқтығы және жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің қаржылық-экономикалық көздерінің заңнамалық бекітілмеуі. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың объективті түрдегі қажетті үрдісі көптеген мәселелердің шешілмеуімен және өте әлсіз заңнамалық реттелуімен тежеліп отыр; Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізудің және тиісті заң жобаларын әзірлеу талпынысының негізгі кемшілігі олардың жергілікті өзін-өзі басқарудың алдын-ала тұтас тұжырымдамасын әзірлеп алмай, жүйесіз жүзеге асырылуы болып табылады;

б) экономикалық сипаттағы мәселелер – жергілікті өзін-өзі басқарудың толыққанды қаржылық-экономикалық қамтамасыз етілуінің,

өз бетімен қалыптасу өкілеттігінің, жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін бекіту және орындалуының жоқтығы;

в) ұйымдастыру (институционалдық) сипатындағы мәселелер – жергілікті өзін-өзі басқарудың міндеттері мен атқаратын қызметіне сай болатын, жергілікті, аймақтық және жалпы мемлекеттік мүдделердің оңтайлы үйлесуіне қызмет ететін ұйымдастырушылық құрылымын белгілеу; халықтың көпшілігінің жергілікті өзін-өзі басқару мәні туралы хабардар болуы деңгейінің төмендігі және жергілікті аумақты басқаруға қатыспауы.

Жалпы алғанда, жоғарыда аталған мәселелер жергілікті басқару жүйесінің дамуын тежейді. Сондай-ақ, жергілікті деңгейдегі басқару жүйесі бойынша өткен кезеңдерде жүргізілген реформа қажетті әдістемелік құралдардың болмауымен, білікті кадрлардың жетіспеуімен, ұсынған өкілеттілікті атқару үшін жергілікті өзін-өзі басқару құрылымдарында қаржылық ресурстарының жеткіліксіздігімен қатар жүрді.

Тұжырымдай келе, еліміздің Президентінің мемлекеттік билік органдарының арасындағы өкілеттіліктерді қайта бөлуден байланысты ұсынысы он екі жыл бұрын елімізде басталған жаңғырту процесінің жалғасы іспеттес. Мемлекет басшысының «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асыру осы бағытта алға қарай жылжитындығын атап көрсеткен болатын. XX ғ. әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жергілікті жағдайды ескерместен, икемділік пен бейімділік, серпімділік болмастан және сәйкесінше жергілікті деңгейде пайда болған проблемаларға оперативті жауап беретін қабілеттілікті иеленбей, мемлекеттік билікті шектен тыс орталықтандыру табиғи-географиялық, әлеуметтік-экономикалық, ұлттық және т.б. факторларды толықтай ескеру мүмкін емес. Аталмыш проблеманы оңтайлы шешу жолы мемлекеттік билікті децентрализациялау, жергілікті өзін-өзі

басқару органдарына максималды түрде билік өкілеттілігін беру болып табылады.

Жоғарыда атап кеткендей, мемлекетімізде жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға қатысты біршама бағдарламалар қабылданып, іс-шаралар атқарылып келеді. Соның бірі – Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын» атап айтуға болады. Бұл тұжырымдама - жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамытудың сондай-ақ экономикалық өркендеудің, әлеуметтік әлауқаттың және азаматтық қоғамды қалыптастырудың міндетті шарттарының бірі болып табылады [3]. Сонымен қатар, «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың, жергілікті дамудың барлық мәселелерін шешуге азаматтардың қатысуын кеңейтудің маңызы зор» екендігі аталып өткен «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленді.

Тұжырымдаманың негізі 3 бөлімнен тұрады:

1. Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың пайымы;
2. Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың және қызметінің негізгі қағидаттары;
3. Тұжырымдаманы іске асыру көзделетін нормативтік-құқықтық актілердің тізбесі.

Тұжырымдаманың негізгі мақсаты – біздің елімізде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін одан әрі дамытудың негізгі тұжырымдамалық бағыттарын айқындау. Тұжырымдамада мемлекетіміздің 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында жалпы саяси жүйені одан әрі жаңғыртудың, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың басымдығы анықталған. Сонымен қатар, орындалған жоспар нәтижесінде Қазақстанда 2020 жылға қарай өкілді биліктің маңызы арта түсетіндігі, үздік халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жергілікті өзін-өзі басқару және азаматтық қоғамның тиімді институттары құрылады деп күтілуде.

Аталмыш тұжырымдама мемлекет басшысының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауының алғышарттарының бірі деп есептеуге болады. Қазақстанның үшінші жаңғыруының алдында елімізде экономикалық жаңғыру жүрді, кейін әлеуметтік жаңғыруға байланысты елімізде азаматтарды әлеуметтік қорғау мен қолдауға байланысты көптеген заңдар қабылданды.

Бүгінгі күні Қазақстандағы үшінші жаңғыру Жолдауына байланысты саяси жаңғыру көптеген міндеттерді қояды. Жолдауға сәйкес барлық мемлекеттік басқару жүйесінің үйлестірілген жұмыстарын жүргізу үшін күшті әлеуеттің негізі қаланады. Әсіресе, Қазақстанның экономикасының инновациялық дамуына маңызды мән берілді. Мемлекет пен үкіметтің бағдарламалары тиімдірек жұмыс жасауы үшін Үкіметке экономика аясында қосымша атқарушы өкілеттікке ие болады, оның жауапкершілігі мен дербестігі артатын болады.

Мемлекет Басшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару жүйесін реформалау туралы» сөйлеген сөзінде аталмыш міндеттің маңызды қоғамдық және мемлекеттік сұрақтарды шешетіндігін, осымен байланысты Қазақстанда атқарушы, өкілді және президенттік билік тармақтарының арасында пәрменді тепе-теңдікті жүргізу қажеттілігін атап айтты. Ал бұл өз кезегінде республиканы жаңа даму сатысына шығарады. Мемлекеттік басқару жүйесін реформалау сұрақтары жергілікті басқару мен өзін-өзі басқару - мемлекеттік билікті децентрализациялаудың жаңа моделін құрастырумен байланысты.

Сондықтан, Қазақстанды заманауи әлемдік құрылымдық өзгерістермен жаңғырту біздің мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық тағы да саяси бағыттардағы да даму жолындағы маңызды тарихи сәттері болып табылады.

Елбасы ұсынып отырған билік тармақтарын қайта бөлудің шешуі тиіс алға қойған міндеттерінің бірі ретінде Үкімет пен Парламенттің рөлін көтеру, қазіргі заманның

сын-тегеуріндеріне жауап берудің тиімді механизмін құру болып табылады. Президент өкілеттілігінің бірқатарын Парламент пен Үкіметке беру – бұл мемлекеттік деңгейде қабылдаған сәйкесті билік органдары мен құрылымдарының шешімдеріне деген сенімнің және жауапкершіліктің жоғары дәрежесі, сондай-ақ еліміздің демократияландыруының дәлелі болып табылады және мемлекеттік органдарға деген сенімділікті дәлелдейді. Осы орайда Қазақстанның халықаралық деңгейде де көшбасшы екендігін атап өткен жөн деп есептейміз. Басқару процесін демократияландыру мемлекеттің іргелі саяси институттарын одан әрі дамыту мен нығайтуға, әртүрлі билік тармақтарының бір-бірімен әрекеттесуінің тиімділігін арттыруға және өзара тежемелік пен тепе-теңдік жүйесін күшейтуге негізделген.

Мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару жүйесін жаңғырту сұрағын түсіну еліміздің барлық азаматтары үшін маңызды ресми құжат - Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауын жан-жақты зерттеу қажеттілігін тудырады.

Үшінші жаңғырту шегінде қандай шараларды жүзеге асыру қажет? Бұл мемлекет Басшысының сөзіне сай қазыналық децентрализациялау саясатын жалғастыру қажеттілігіне келіп тірелетіндігі сөзсіз. Президент «алдағы жылдары орталық билік органдарынан жергілікті билікке көптеген функциялар мен өкілеттіліктер берілетіндігін айрықша баса айтты. Енді олардың жеткілікті қаржылық дербестіктерін күшейту қажет. Сонымен бірге шығындық өкілеттіліктердің облыстық деңгейде шоғырлануына да жол бермеу керек. Оларды аудандық және ауылдық деңгейлерге беру қажет. Әкімдер аймақтық және жергілікті маңызды мәселелерді шешуі тиіс» [4].

Мемлекет басшысы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауында мемлекеттік билікті децентрализациялау сұрақтары жүзеге асырудың нақты және әсерлі бағыттарына назар аударады,

осылайша практикалық арнаға көңіл бөледі. Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртумен байланысты басты міндет салық-бюджет саясатын жаңа экономикалық шындыққа келтіру болып табылады, бұл бюджет шығындарының тиімділігін түбегейлі көтеруге тіреледі.

Мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару жүйесінің барлығын жаңғырту мәселесі басқарудың төменгі деңгейінің аудандық (қалалық) буынның жергілікті атқарушы органдарынан қаржылық-экономикалық тәуелсіздігін кеңейту секілді маңызды бағыттарды шешуді; сапаның әлемдік стандарттарына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару мен мемлекеттік басқару органдарының табысты өзара әрекетін дамытуды; жергілікті маңыздағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудегі халық пен бизнес-құрылымдардың жауапкершіліктері мен еліктірулерін күшейтуді; Қазақстан Республикасында мемлекеттік жергілікті басқару мен өзін-өзі басқару қызметтерінің тиімділігін арттыру үшін инновациялық технологияны оңтайландыруды және енгізуді білдіреді.

Басқарудың төменгі деңгейлерінің *қаржылық дербестіктерін кеңейту* мемлекеттік басқаруды децентрализациялауды дамыту проблемасын шешуде маңызды міндет болып табылады. Осыған байланысты жергілікті өзін-өзі басқару төмендегі үш бірлікті міндеттерді шешпей, өз әлеуеттерін жүзеге асыра алмайды:

1) барлық деңгейдегі бюджеттердің табыс бөліктерін нақты ажырату, бюджеттік өкілеттіліктерді бөлу;

2) қаржылық ресурстарды қалыптастыру мен пайдалану принциптерін анықтайтын, жергілікті өзін-өзі басқарудың шаруашылық субъектілерімен және қаржылық-несие институттарымен өзара қарым-қатынастарын анықтайтын айқын қолданыстағы заңнама;

3) жергілікті биліктің жергілікті бюджет қаржыларын бөлу және қайта бөлу тәуелділіктерін төмендету (немесе жою), осы себептен басқарудың төменгі деңгейлеріне қаржылық дербестік беру.

Қазіргі уақытта жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырып, қалыптастыру мен жүзеге асыруда бірқатар өзекті мәселелер орын алып отырғаны мәлім. Әлемнің дамыған елдерінде жергілікті өзін-өзі басқару бірнеше кезеңде құрылғаны және бұл процесс бірнеше онжылдықтарға созылғаны белгілі. Қазақстанда да белгілі бір уақыт кезеңінде жергілікті өзін-өзі басқару мәселесі зерттелу және талқыландырылған өтіп жүзеге асырылып келеді. Бірақ бұл мәселе біздің еліміздің жағдайы мен болмысына сәйкес келетін жергілікті өзін-өзі басқару үлгісін таңдауға келіп тіреледі. Осы тұрғыдан алғанда, еліміз үшін әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, сонымен қатар өзіндік үлгіде жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру – таңдалған мақсатқа сай тыңғылықты нәтиже көрсету басты назарда болуы тиіс.

Қазақстанда билік тармақтарының арасындағы өкілеттіліктерді қайта бөлу барлық мемлекеттік басқару жүйесінің үйлестірілген жұмыстарын жүргізу үшін күшті әлеуеттің негізі қаланады және экономика аясында да кең ауқымды және жүйелі түрде өндірісті модернизациялау сұрақтарына, оның әлеуетін әлемнің жоғары дәрежеде дамыған индустриалды елдеріне жеткізуге дайын екенін белсенді түрде жариялап жатыр деп тұжырымдауға болады. Мемлекетіміздің Президенті ұсынған бес институциональдық реформаның ішінде де маңыздысы экономикалық бағдарламалардың сапалы жүзеге асырылуын және мемлекеттік қызметтің сапалы ұсынылуын қамтамасыз ететін заманауи, кәсіби және дербес мемлекеттік аппаратты қалыптастыру болатын. Осы тұрғыда жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың тиімділігін көтеру мақсатында төмендегі жолдарды ұсынамыз:

1. Жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың заңнамалық базасын жетілдіру. Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңында Қазақстанның жағдайына анағұрлым бейімделген жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің

ұйымдастырушылық, қаржылық, кадрлық жүйесінің қамтамасыз етілуін және мемлекеттік билік органдарымен өзара қарым-қатынас жасау механизмін бекіту керек; мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құзыреті саласында шектеу қою және жергілікті өзін-өзі басқарудың дербестік шегін белгілеу; жергілікті өзін-өзі басқаруды экономикалық кепілмен қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ, заңнамалық негізде жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржылық-экономикалық негізін белгілеу, коммуналды меншіктің бір бөлігін жергілікті өзін-өзі басқару органдарына беру арқылы муниципалды меншікті тану, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бюджетін қалыптастыру және орындалу тәртібін белгілеу қажет.

2. Азаматтардың өзін-өзі ұйымдастыруын және аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқаруды дамыту үшін жағдай жасау. Аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқару жергілікті қауымдастық мүшелерін шешім қабылдау үрдісіне жұмылдыруға мүмкіндік беретін жергілікті өзін-өзі басқарудың институционалды құрылымдық бөлшегі болып табылатындығына байланысты облыстың қалалары мен ауылдық жерлерінде аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқаруды дамыту қажет, аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқару органдарын құру керек; жергілікті мемлекеттік билік органдарына аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының қызметін ұйымдастыру жағдайлары жағынан, әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етілуі жағынан аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқаруды дамытуға ықпал етуді ұсынамыз; аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқару органдары туралы ақпарат тарату, билікпен қарым-қатынас ұйымдастыру арқылы азаматтардың басқаруға қатысуына ықпал еткені жөн және аумақтың мәселелерін анықтауы және шешуі қажет;

3. Тұрғын халық арасында жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндірме қызметінің белсенділігін арттыру. Бұл жұмысқа тұрғын халық арасында жергілікті өзін-өзі басқарудың идеяларын,

қағидаттары мен міндеттерін дәріптеу, жергілікті өзін-өзі басқарудың ролі мен орны туралы, жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асырудағы азаматтардың құқықтары мен

мүмкіндіктері, жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы реформа барысы мен мәселелері туралы ақпарат беру жатады.

Әдебиеттер

1. Европейская хартия местного самоуправления [Страсбург, 15 октября 1985 г.: ратифицирована Федер. Собр. (федер. закон от 11 апр. 1998 г. N 55-ФЗ)] // Собрание законодательства Рос. Федерации. – 1998. – № 36. – Ст. 4466.
2. Опыт организации местного самоуправления в зарубежных странах: учебное пособие для магистров / А.С. Чуева, П.М. Курдюк, И.Н. Иваненко – Краснодар, 2013. – 94 с.
3. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. - Астана, 2012.
4. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауы//ҚР Президенті. Ресми сайт. – 2017, 31 қаңтар http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nnazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylygy-31-kantar

ОБЪЕКТНО-ОРИЕНТИРОВАННАЯ МЕТОДОЛОГИЯ - ОСНОВА НОВОГО ПОДХОДА К ГОСУДАРСТВЕННОМУ ПЛАНИРОВАНИЮ И УПРАВЛЕНИЮ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Последние общественно значимые события в Казахстане показали необходимость продолжения перехода к новым подходам в системе государственного планирования и управления на основе объектно-ориентированной методологии. Она представляет большой интерес, так как предусматривает объектную декомпозицию, предполагает чёткую ориентацию на объекты и клиентов, устанавливает не процедуры и функции, а определяет классы и объекты с их свойствами и поведением. Государству в отличие от бизнеса предстоит шире применять объектно-ориентированный подход. Сравнение системы планирования Казахстана и России показало, что в Казахстане начат процесс использования объектно-ориентированного подхода, предполагающего, в частности, больше самостоятельности Правительства не только в разработке государственных программ, но в их утверждении и исполнении.

Ключевые слова: объектно-ориентированный подход, методология, планирование, управление, объекты, клиенты, классы

Аңдатпа. Қазақстанда қоғамдық маңызы бар соңғы оқиғалар объектіге бағытталған әдістеме негізінде мемлекеттік жоспарлау және басқару жүйесінде жаңа тәсілдерге көшуді жалғастыру қажеттілігін көрсеті. Ол үлкен қызығушылықты туғызады, себебі объектілік бөлешектеп байланыстыруды қарастырады, тәртіптеріне және клиенттерге айқын бағдарлануды болжамдап, олардың қасиеттері және тәртіптерімен таптары мен объектілерін анықтайды, бірақ олардың рәсімдерін және қызметтерін белгілемейді. Бизнеске қарағанда мемлекетке объектіге бағдарланған тәсілдемені кеңірек қолдануға тура келеді. Қазақстанның және Ресейдің жоспарлау жүйесін салыстыру, Үкіметтің мемлекеттік бағдарламаларды дайындауда, оларды бекіту мен орындауда дербестігінің басымдылығын бағамдайтын объектіге бағдарланған тәсілді қолдану үдерісі Қазақстанда басталғандығын көрсетті.

Тірек сөздер: объектіге бағдарланған тәсілдеме, әдістемесі, жоспарлау, басқару, өндірістік нысандар, клиенттер, таптар.

Abstract. Recent events of greater social significance for Kazakhstan have shown the need to continue the